

№ 2 хаттама

2023жылы 22 желтоқсан күні «АДЕЛЬ» бөбекжай-балабақшасында

Ата-аналар жиналысы болып өтті.

Қатысқандар:25

Қатыспағандар:10

Бүгінгі күн тәртібінде:

- 1.Сәлемдесу.(Атының бас әріпінен келетін жақсы тілектер айту)
- 2.Медбике сөз.
- 3.5-қадам(Балаңыздың 5жақсы қасиетін атау)(Балауса тобы)
- 4.Сурет салдыру.(Балдырған тобы)
- 5.Балаңызды көзінен табу.(Бәйтерек тобы)
- 6.Сол қолмен жазу жазу(Айгөлек тобы)
- 7.Жаңа Жылдық мәселе.
- 8.Өртүрлі мәселелер.

Тақырыбы: «Балалық шаққа саяхат»

Мақсаты:Ата-ананың баласымен қарым-қанынасы,баламен балаша сөйлесуі.Ата-ана мен балабақша арасындағы байланысты күшейту.Ата-аналарды ұйымшылдыққа, бірлікке, татулыққа болуға шақыру.Оқу барысында белсенділік танытуға үндеу.Бірігіп жұмыс жасай алу,бір-бірін ойын тыңдауға,жағымды орта қалыптастыру.Бүгін біз ата-аналарды бала ретінде қабылдадық.

Әнұран орындалды.

Таңғы жаттығуды жасадық.

Асқа бата берді.

Сәлеметсіздерме құрметті ата-аналар, бүгінгі жиналысымызға қош келдіңіздер.

Жиналысты балабақшамыздың әдіскері Куандыкова Гулназым апай сөз бастады. Ол жерде балабақшаның күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекет жөнінде айтылды. Балалардың балабақшаға келуі, тасымал жөнінде айтылды.

Бізде 4 топ бар.»Балауса», «Балдырған»»Бәйтерек» және «Айгөлек» Тәрбиешілерімен таныстырып өтейін. Абдукадирова Захира, Жүсіп Нұрсұлу, Сулейменова Мадина, Толегенова Айдын, Қансейтова Назгүл, Найзабай Ақерке, Мусакулова Малика, Бекова Жадра. Әр топтың күн тәртібі және ас-мәзірін ұсынамын. Көріп танысып шығыңыздар. Балаларды балабақшадан алып қалмаймыз, күнде баланы дамытушы ойындар, сабақтар өтіліп жатыр, оны өздеріңізде көріп жүрсіздер, осы орайды пайдаланып тәрбиешілеріме үлкен алғыс айтамын. Ізденуден шаршамаңыздар.

Жаңа Жыл ертеңгілігімізді 28 желтоқсан күніне «Айгөлек» пен «Балауса» тобы өтеді.

29-желтоқсан «Бәйтерек» пен «Балдырған» тобында өтеді. Ата-аналар қатысады. Ертеңгілікке киетін киімдерді бала бақшада өзі қамтиды. Соны ұйымдастырып отырған құрылтайшыға үлкен рахмет. Және де балаларға сыйлыққа келетін болсақ бақшаның атынан. Өздеріңіз қосымша сыйлық беремін дейтін болсаңыздар үйде берсеңіздер болады.

Сосын төлем ақыны уақытында төленіңіздер.

Балаларды шығарып салып, күтіп алыңыздар. Баланың қауіпсіздігі бірінші орында.

1. Ата-аналар шеңбер құрып тұрады. Есімінің бас әріпінен келетін жылы лебіздерін айтылды.

2. Медбике Шопаева Жұлдыз дене тазалығы, шаш тазалығы жөнінде айтып өтті. Балаларды медосмотрдан өткізу жөнінде айтты. Ата-аналармен ойын ойнатылды.

3. Балауса тобының тәрбиешісі Абдукадирова Захира апайымыз Жаңа жылдық ертеңгілікке балалардың қандай би билейтінін және қандай киім киілетінін айтты. Аналарме 5 қадам ойынын өткізді.

4.Балдырған тобының тәрбиешісі Сулейменова Мадина апайымыз Жаңа жылдық мәселені айтты.Балаларды бақшаға келуі жөнінде айтты.Аналардың көзін жұмып талдың суретін салдырды.

5.Бәйтерек тобының тәрбиешісі Қансейтова Назгул апайымыз тасымал жөнінде айтып өтті.Ата-аналармен баласын көзі арқылы тану ойынын өткізді.

6.Айгөлек тобының тәрбиешісі Мусакулова Малика апай тазалық жөнінде айтты.Ата-аналармен сол қолмен баласының атын жазу және қалай жақсы көретінін сол қолдың көмегімен жазды.

Осымен жиналысымыз аяқталды,алтын уақыттарыңызды бөліп келген аналарға үлкен алғыс.Қош сау болыңыздар!

Балабақша меңгерушісі:Молдагулова А

Хатшы: Бекова Ж